



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ исх: 20-11/4248 от: 24.01.2017

Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Б. Смағұлға

2016 жылғы 28 желтоқсандағы
№ ДС-189 хатқа

Құрметті Бақытбек Смағұл!

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы отырысында жариялаған мемлекеттік ұйымдарда «SURDO-ONLINE» жүйесін енгізуге қатысты Сіздің депутаттық сауалыңызға келесіні хабарлаймыз.

Мүгедектердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Үкіметтің жұмысындағы негізгі басымдықтардың бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда елімізде 651,9 мың мүгедек тұрады, оның ішінде шамамен 30 мың адамның есту қабілеті бұзылған.

Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған ұлттық іс-шаралар жоспарының шеңберінде өңірлік жаңалық телехабарларын сурдоаудармамен трансляциялауды қамтамасыз ету үшін 2014 жылдан бастап республикалық бюджеттен 970,0 млн. теңгеден астам қаражат бөлінді. 2017 – 2019 жылдарға арналған бюджетте 428,0 млн. теңге көзделген.

Жыл сайын 8 мыңнан астам мүгедек жеке оңалту бағдарламасының негізінде бюджет қаражаты есебінен есту кемістіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға арналған сурдотехникалық құралдармен (есту аппараттары, көп функциялық дабыл жүйелері, сағаттар және т.б.) қамтамасыз етіледі, 400-ге жуық маман 3,6 мың мүгедекке ымдау тілінің қызметтерін көрсетеді.

Мүгедектерге тегін берілетін оңалтудың техникалық құралдарының тізбесіне 2015 жылы мүгедек балаларға арналған кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорлары қосылды.

Ағымдағы жылдан бастап есту органдары бұзылған мүгедектерге ескірген бейнекомпьютерлердің орнына көп функциялық заманауи ноутбуктер сатып алынады; ымдау тілі маманының көрсететін қызметтері 30 сағаттан 60 сағатқа дейін көбейтіледі; кохлеарлық импланты бар ересек мүгедектерге (18 жастан асқан) алғаш рет сөйлеу процессорларын ауыстыру қызметтері көрсетілетін болады. Осы шараларды іске асыру үшін 2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджетте 2,9 млрд. теңге көзделген.

Есту қабілеті бұзылған адамдардың мемлекеттік қызметтерді алуына тең қолжетімділікті ұсыну үшін Мемлекеттік корпорацияның 869 қызметкері (әр бөлімде кемінде екі қызметкерден) ымдау тіліне оқытылды.

Мүгедектердің ұйымдарын мемлекеттік қолдау мақсатында мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлері, оның ішінде ымдау тілі қызметтері, сурдотехникалық құралдар осы ұйымдардан сатып алынады.

Өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдардың өмірін жақсартуға үлес қосуға қоғамдық ұйымдарды ынталандыру үшін Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жыл сайын «Қазақстанда іске асырылатын үздік әлеуметтік жобалар» республикалық көрмесін өткізеді.

2016 жылғы қазанда интернет-дауыс беру нәтижесінде «SURDO-ONLINE» әлеуметтік жобасының авторы С.Т. Махашевқа (Алматы қаласы) жобаны одан әрі іске асыру үшін 2 млн. теңге көлемінде ақшалай сыйлықпен қоса бірінші орын берілді.

Қазақстанның басқа да өңірлерінде осындай жобалар іске асырылып жатқанын атап өткен жөн.

Айталық, 2015 жылдан бастап Астана қаласының әкімдігі жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Сурдоаударма диспетчерлік қызметі» жобасын қаржыландырады. 2015 жылы мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша жобаны «Үнсіз әлем» қоғамдық қоры, 2016 жылы «Жас Нұр» қоғамдық бірлестігі іске асырды.

Осы жобаның шеңберінде есту қабілеті бұзылған адам қажетті сұрақтарымен «ІМО» арнайы қосымшасы арқылы бейнеқоңырау немесе әлеуметтік желілерде хабарлама, «WhatsApp», «Skype»-қа SMS жіберу арқылы қызметке хабарласа алады. Мысалы, «жедел жәрдем» немесе коммуналдық қызмет жұмысшыларын шақыру, емханаға жазылу, пойызға, ұшаққа билет алуға тапсырыс беру немесе такси шақыру.

Ақтөбе облысында 2015 жылдан бері мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Аялау» корпоративтік қоры «Бейне-телефон диспетчерлік қызметі» жобасын іске асырады.

Мүгедектердің ұйымдарын мемлекеттік қолдау бойынша қажетті нормативтік құқықтық база мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада (*«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы, «Тауарларды өндіретін және (немесе) беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінің тізбесін бекіту және*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1181 қаулысы, «Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктерінен және Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №1065 бұйрығы) көзделген.

Айтылғандарды ескере отырып, тапсырыс берушілер «SURDO-ONLINE» жобасын мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада айқындалған тәртіппен бәсекелестік негізде іске асыра алады.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев